


«Түркістан облысының білім басқармасының
«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қамқоршылық кеңес
төрағасы

 А. Бүркіт

БЕКІТЕМІН:

Түркістан облысының білім
басқармасының «Төлеби ауданының
мамандандырылған мектеп-интернаты»
директоры м. у. а.

 М. Абдєзов



2023-2028 жылдарға арналған
МЕКТЕПТІ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАСПОРТЫ

Кіріспе

2. МЕКТЕП ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМА

Мектептің ағымдағы қызметінің жай-күйін, негізгі проблемаларды және олардың себептерін талдау;

Мектептің инновациялық әлеуетін бағалау.

3. АҒЫМДҒЫ МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ, SWOT-АНАЛИЗ

- ✓ Мектепте ұсынылған өзгерістердің күтілетін салдарын болжау, өзгерістер тәсілдері мен нысандарын ұсыну;

4. МЕКТЕПТІҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

- ✓ Мектептің даму бағдарламасын болжау. Ішінара білім беру процесін жетілдіру;
- ✓ Материалдық-техникалық базаны ішінара дамыту;

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БӨЛІМІ

- ✓ Қазақстанның мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымының орны және рөлі;

6. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

- ✓ Болашақта мектептің тиімді жұмысты қамтамасыз ету мақсатында дамытудың стратегияларын таңдау және кезеңдерін болжау;
- ✓ Бағдарламаның қойылған мақсатына қол жеткізу жолдары

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ

- ✓ Білім жүйесін басқарудың және қаржыландырудың тиімділігін арттыру
- ✓ Білім жүйесін басқаруды және қаржыландыруды жетілдіру
- ✓ Бағдарламаны іске асыру тетіктері

8. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

**«Түркістан облысының білім басқармасының
«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

1. ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

Бағдарламаның атауы	Түркістан облысының білім басқармасының «Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2028 жылдарға арналған мектепті дамыту бағдарламасы
Өзірлеу үшін негіздеме	1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы. Білім туралы. https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319 _ 2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы (31.03.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен) https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293 3. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249 4. «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы №273 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033356 5. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317 6. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005191 7. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтау және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. №193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272/ 8. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317 9. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.10.2022 ж. №415 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

**«Түркістан облысының білім басқармасының
«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420 10. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 қыркүйек №294 «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»
Негізгі әзірлеуші	Түркістан облысының білім басқармасының «Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 161100, Ленгір қаласы, Төлеби көшесі 279А
Мақсаттары	✓ Бәсекеге қабілетті, өмірлік дағдыларын қалыптастыра алатын оқушы тұлғасын дайындау; ✓ Өз мүддесі мен қоғамдық мүдделерді ұштастыра білетін, зиялы оқушыны дара тұлға деп танып, олардың бойына үнемі оқып үйренсем деген ізденімпаздық қасиет дарыту, олардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыру; ✓ Оқу мен оқытудың инновациялық ортасын құруда педагогикалық ұжымның кәсіби дамуы мен шеберліктерін жетілдіру; ✓ Мектептің одан әрі дамуының басымдықтарын анықтау; ✓ Білім беру кеңістігі субъектілерінің қызметін үйлестіру, күш-жігер мен ресурстарды шоғырландыру үздік әлемдік стандартқа сәйкес келетін мектепті дамыту; ✓ Мектепте білім беруді дамытудың жергілікті бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз құру
Міндеттері	✓ Дүниежүзі халықтарының мәдени құндылықтарын сыйлауға тәрбиелеу, ақпараттық кеңістік дамуын қамтамасыз ету, білім беру мазмұнының сабақтастығын және оқушылардың көплингвистикалық даму орталығына жағдай жасау. ✓ Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету. ✓ Педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру, педагогикалық шеберлігін жетілдіру. ✓ Қамқоршылық кеңестің, жоғары сынып оқушылары кеңесінің мектеп өміріне қатысу саласы мен нысандарын кеңейту. ✓ Ата-аналармен, арнаулы орта білім беру ұйымдарымен, жоғары оқу орындарымен, қоғамдық ұйымдармен әлеуметтік ынтымақтастықты кеңейту. ✓ Қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету, білім беру процесінің жағдайын жетілдіру. ✓ Мектепті цифрлық инфрақұрылым мен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жабдықтандыру.
Іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	Іске асыру мерзімі: 2023-2028 жылдар Даму бағдарламасы төмендегідей кезеңде іске асырылатын болады: • I кезең: 2023 – 2024 жылдар; • II кезең: 2025 –2026 жылдар; • III кезең: 2027 –2028 жылдар.
Қаржыландыру көздері	Жергілікті бюджет

КІРІСПЕ

Түркістан облысының білім басқармасының «Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2028 жылдарға арналған Даму бағдарламасы - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қаулысы, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020ж. №130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 18.03.2008ж. №125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023ж. №193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.01.2016ж. №83 бұйрығы), «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР БҒМ 28.01.2016ж. №95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.10.2022ж. №415 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жыл 19 қыркүйек №294 «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» және өткен оқу жылдарындағы SWOT-талдау нәтижесінде әзірленді.

Осы Бағдарлама білім беру мекемесінің өзін-өзі дамыту әлеуетін ескере отырып 2029 жылға дейінгі кезеңге мектепті дамытудың жолдары мен негізгі бағыттарын, мектеп ұжымы қызметінің негізгі бағыттарын айқындайтын стратегиялық құжат болып табылады. 2023-2028 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік білім беру саясатын іске асыру мақсаттарына сәйкес әзірленді және мекеменің перспективасы мен даму жолдарын айқындайтын басқарушылық құжат болып табылады. Бағдарлама, бір жағынан, білім беру басымдықтарын және ағымдағы уақыттың стратегиялық міндеті-білім беруді жаңғыртудың шараларын айқындайды, екінші жағынан-мектептің білім беру процесіне тікелей қатысушылардың (оқушылардың, педагог қызметкерлердің, ата-аналардың (заңды өкілдердің) білім беру және азаматтық әлеуетін барынша іске асыруын қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда білімге, ғылымға деген қызығуы жоғары, интеллектуалды жастарды сомдау өзекті мәселе. Оны шешуге орта мектепте пәнді оқытуда ең алғашқы күннен бастап-ақ оқушылардың пәнге қызығушылығын, ынтасын арттыру керек және де білім беруде сабақты күнделікті өмірмен байланыстыра өту тиімді. Сапалы білім беруде мұғалім міндеті - білім технологиясын бүгінгі күн талабына сай жетілдіру. Бағдарлама бойынша дифференциалдап оқыту, сабақ барысына проблемалы әдісті қолдана білу, сабақтың әр бойында барлық оқушылардың толық жұмыс істеуін қамтамасыз ету, педагогтердің белсенді әрекеттерін,

**«Түркістан облысының білім басқармасының
«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

әсіресе, ұйымшылдық пен еңбексүйгіштік қасиетін әрі қарай дамыту - әрбір мұғалімнің биік міндеті. Оқушылардың білімін жүйелі тексеріп, бақылап отыру оқушылардың жауапкершілікке, үнемі жұмыс істеуге баулып, оқушы білімінің тиянақтылығын, тереңдігін арттырады. Сондықтан біз өз тәжірибемізде оқушыға сапалы, тиянақты білім беріп, білімділік дағдыларын қалыптастыруда оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай оқытудың жүйелілік ұстанымын басшылыққа аламыз, білім тексерудің сан алуан түрлерін қолданамыз. Үлкен бір тарау өткенде білімді жүйеге келтіру, есепке алу өрісін жетілдіру – басты мақсатымыз. Сондай-ақ, «Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту» негізгі мақсаттардың бірі ретінде бағдарламада атап көрсетілген.

Мектеп жұмысының негізгі бағыттары: оқушылардың өзіндік білім алу ортасын құруда заманауи технологиялар арқылы дағды мен іскерлікті қолдана алатын оқушы даярлау; білім жетілдірудің, таным белсенділігін арттырудың жолдары ретінде оқушылар мен мұғалімдер қосымша білім платформаларын жан-жақты қолдана алу; заманауи оқытуды ақпаратты техникамен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру жолдары қарастырылады.

Оқушылардың білім беріктігін қамтамасыз етуде білім сапалары: тоқсан сайын әр пәннің оқытылу жағдайын назарда ұстау, педагогикалық кеңес, директор жанындағы кеңес отырыстарында талқылау, БЖБ, ТЖБ, тестілеу қорытындыларды әкімшілік тарапынан жалпылау, тақырыптық сынақтар алу, білім сайыстарына қатысу, оқушылардың және педагогтарға арналған пәндік сайыстарға қатысуды қамтамасыз ету, пәндік олимпиадаларға даярлау, жыл көлемінде дарынды оқушылармен жұмыстарды үйлестіруді назарда ұстау, интеллектуалдық сайыстарға қатысуды назарда ұстау және есепке алу.

Білім беруді дамыту және жаңғырту бағдарламасының негізгі мақсаттары, міндеттері мектептің жалпы мәдени, ұлттық-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, ерекшеліктерін ескереді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасындағы барлық білім беру жүйесінің даму стратегиясы мен әлеуметтік саясатты іске асыруды ескере отырып, мектептегі білім берудің қазіргі жай-күйі, оның дамуын болжау негізінде әзірленген.

2. МЕКТЕП ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМА

Мектептің ағымдағы қызметінің жай-күйін, негізгі проблемаларды және олардың себептерін талдау

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты – білім алушылардың бейімділігі мен қабілетіне сәйкес бағыттар бойынша негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін білім мекемесі. Ол үздіксіз білім беруді қамтамасыз етудегі негізгі буын болып табылады және мектеп жасындағы балалардың мемлекеттік стандарт негізінде оқыту арқылы оқушы қабілетін жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді. Мектеп өз жұмысын жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы құқықтық-нормативтік актілеріне, жергілікті басқару органдарының құқықтық актілеріне, мектеп құрылтайшы арасындағы келісімшартқа, мектеп жарғысына сүйенеді.

**«Түркістан облысының білім басқармасының
«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Қазіргі таңда барлығы 25 мұғалім, оның ішінде жоғары білімі бар педагогтар 100%.
Мектепте 6 педагогтің «Магистр» академиялық дәрежесі бар.

Жалпы педагогтар саны	оның ішінде біліктілік деңгейлері бойынша				оның ішінде санаттар бойынша	
	педагог-шебер	педагог-зерттеуші	педагог-сарапшы	педагог-модератор	екінші	санатсыз
25	11	8	2	0	1	3

Педагог кадрларды курстық даярлау

Білім беру саласындағы негізгі стратегияларының бірі ретінде қолда бар кәсіби білімді тереңдету және жетілдіру, кәсіби қызметтің сапасын арттыру мақсатында педагогтардың біліктілігін ұдайы арттыру айқындалады. Біліктілікті арттыру-педагогтің кәсіби-жеке дамуын қамтамасыз ететін және оның кәсіби қасиеттері мен қабілеттерін жақсартатан негізгі фактор. Қазіргі таңда педагог үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруы тиіс. Соңғы үш жылды салыстырып қарайтын болсақ көрсеткіш төмендегідей:

Курс атауы	Курстан өткен педагогтер саны		
	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Барлық педагогтер саны	23	22	25
Пәндік құзыреттілік	9	6	21
Білім саласындағы менеджмент	1	3	1
Курстан өткен педагогтар саны	10	9	22

Пән мұғалімдері перспективалық жоспарға сәйкес кәсіби біліктілікті арттыру курстарынан өтуде. Алдағы уақытта да перспективалық жоспарға сәйкес пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өтуіне ықпал жасау жұмысы жалғасын табады.

Мектепте Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрімен бекітілген олимпиадалар, ғылыми жобалар, конкурстар мен жарыстардың 3 жылдық көрсеткіші төмендегідей:

Оқу жылы	Шығармашылық байқаулар жеңімпазы			Олимпиада жеңімпазы			Ғылыми жоба жеңімпазы			Оқулар жеңімпазы			Робототехника жеңімпазы		
	Халықаралық	Республикалық	Облыстық	Халықаралық	Республикалық	Облыстық	Халықаралық	Республикалық	Облыстық	Халықаралық	Республикалық	Облыстық	Халықаралық	Республикалық	Облыстық
2020-2021	-	1	4	2	5	36	-	-	7	-	-	5	-	-	5
2021-2022	-	2	7	-	1	41	1	1	13	-	-	2	2	2	4
2022-2023	-	1	7	-	5	39	-	-	5	-	-	7	6	8	8

Көрсетілген кестеге талдау жасайтын болсақ салыстармалы үш жылдың ішінде қатысып шығармашылық байқаулардан, ғылыми жобалардан, түрлі оқулардан, робот техникасы жарыстарынан жүлделі орынға ие болған білім алушылардың санын артқанын көруге болады. Дегенмен облыстық, республикалық пән олимпиадалар мен ғылыми жобаларда оқушылардың орын алу көрсеткішін көтеру керек.

**«Түркістан облысының білім басқармасының
«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Білім алушылардың контингенті
Білім алушылар контингентінің жылдар бойынша динамикасы**

Білім беру деңгейі	2021–2022 оқу жылы		2022–2023 оқу жылы		2023–2024 оқу жылы	
	Саны		Саны		Саны	
	Оқушы	Сыныптар	Оқушы	Сыныптар	Оқушы	Сыныптар
Негізгі орта білім беру	135	6	136	6	134	6
Жалпы орта білім беру	81	4	83	4	86	4
Жалпы	216	10	219	10	220	10

Соңғы үш оқу жылындағы оқу үлгерімінің және білім сапасының жылдар бойынша салыстырмалы көрсеткіші

	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
Білім сапасы	87%	91%	89%
Үлгерімі	100	100	100

Мектеп әкімшілігі мектепшілік бақылау нысандарын кеңейту және өзгерту (әр оқушының жеке қасиеттерін, мүмкіндіктері мен қабілеттерін анықтау және дамыту бойынша әр мұғалімнің жұмысын қадағалау).

Әр мұғалім сараланған және жеке жұмыс жүйесін (дарынды және оқуға ынталы балалармен білім сапасын арттыруда оқушылармен сабақтан тыс жұмыстарды барынша пайдалана отырып, білім беру стандартына қол жеткізу бойынша жұмыс) әзірлеу.

Қорытынды аттестацияны талдау

Оқу жылдары	Түлектер	Білім сапасы, %	Үздік аттестат	Алтын белгі
2020-2021	34	100	11	7
2021-2022	36	100	18	4
2022-2023	42	100	11	11

Жылдық талдау көрсеткіштерге қарай отырып соңғы үш жылда «Үздік аттестат» және «Алтын белгі» оқушыларының санының артқаны:

- пән мұғалімдері дарынды оқушыларды дайындау барысында қабілетіне қарай тапсырмаларды әзірлеп жүйелі түрде жұмыс жасау;
- дарынды оқушының ғылыми-ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік ету.

Мемлекеттік стандартты жүзеге асыру үшін келесі жағдайлар қарастырылған:

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының медициналық қызмет көрсетуге арналған медкабинеттің жалпы ауданы 19,2 ш/м құрайды. Медициналық пункт интернат ғимаратында орналасқан, 2 бөлмеден тұрады (қабылдау бөлмесі, егу бөлмесі). Бірінші және жедел қызмет көрсетуге жағдайлар жасалған. Медициналық пункт алғашқы жәрдем көрсетуге арналған препараттармен толық қамтамасыз етілген. Медициналық пунктте Аликбаева Салтанат Жансейтқызы, Айтмурзаева Раушан Умиралықызы жұмыс атқарады. Алғашқы медициналық көмек көрсетуге қажетті құрал-жабдықтармен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілген.

Тамақтандыру объектісінің болуы.

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының асханасы 70 орынға арналған. Жалпы ауданы 80,6 ш/м құрайды. Интернат ғимаратының ішінде орналасқан. Асхананың санитарлы-гигиеналық жағдайы талапқа сай. Азық-түлік сақтау үшін тоңазытқыштармен, темір шкафтармен қамтамасыз етілген. Ет, балық, құрғақ өнімдерді турау мақсатында арнайы үстелдермен жабдықталған және арнайы маркерленген тақтайшалар қолданылады. Ыдыс жуатын арнайы орындар қарастырылған. Электр пеші және еттурағышпен қамтамасыз етілген. Екі қол жуатын арнайы раковина және қол кептіруге арналған электрокептіргіш орнатылған. Механикалық ауа сорғыш құралы орнатылған. Ыдыстарды кептіруге арналған сөрелер бар.

Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті немесе шаруашылықты жүргізу немесе жедел басқару құқығында материалдық активтердің болуы.

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының оқу ғимараты 1, жалпы ауданы 908,2 ш.м., интернат ғимараты – 1 жалпы ауданы 1106,2 ш.м., спорт алаңы – 352 ш.м., АКТ залы - 87 ш.м. (100 орындық), кітапхана- 27,4 ш.м. ғимараттың шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына арналған техпаспорты бар.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен, интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен, оқу-зертханалық жабдықтармен жарақталуы.

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында оқу процесін өткізуге арналған жалпы білім беретін және арнайы пәндер бойынша оқу кабинеттері – 13, оның ішінде: биология – 1, химия – 1, физика – 1, математика – 2, қазақ тілі – 1, орыс тілі – 1, АӘД – 1, ағылшын тілі – 1, информатика, робототехника – 1, география – 1, тарих – 1, шеберхана (ұлдар), шеберхана (қыздар) – 1.

Компьютер кабинеті – 1, компьютерлердің жалпы саны - 198, оның ішінде ПК – 6, ноутбуктер – 39, планшет–143, моноблок – 10, интерактивті тақталар–13, проекторлар – 13.

Кітапхана қоры:

Жалпы қоры – 9268 дана, оның ішінде оқулықтар саны – 7618 дана, көркем әдебиет – 1650 дана, электронды оқулық – 56 дана

Сонымен қатар жыл сайын спорттық жиынтықтар, жаңартылып, толықтырылуда.

Мектептің инновациялық әлеуетін бағалау

Барлық салада түбегейлі өзгерістер, ғылым мен мәдениеттегі прогресс, педагогикалық қызмет шеңберіндегі жаңа қажеттіліктер білім беру жүйесінің модернизациялауға алып келді. Бұл саланың одан әрі дамуының мүмкін жолдарының бірі инновация болып табылады, яғни жаңалықты құру, қабылдау, бағалау, меңгеру, қолданудағы басқару үдерістері. Бұл білім беру ұйымдарының білім мазмұнына, оқыту мен тәрбиелеу әдістері мен формаларына, ұйымдастыру және басқару жұмыстарына байланысты.

Инновация - бұл «қандай да бір жаңа форманың немесе элементтің пайда болуы, сондай-ақ жаңадан құрылған форма, элемент».

Мұғалімдердің практикалық инновациялық қызметке дайындығы проблемасы бүгінгі күні де өзекті болып табылады. Педагогикалық қызметке инновациялар енгізуге кедергі келтіретін бірқатар себептер бар. Егер педагогтер өздерінің кәсіби қызметін жетілдіруге ұмтылмаса, білім беруде қажетті өзгерістер бола алмайды,

Осы орайда мектеп инновациялық қызметті жетілдіру мақсатында мектеп педагогтерінен сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысына сәйкес білім беру процесіндегі жаңалықтар туралы ақпарат біліктілікті арттыру курстары арқылы алатындағын 65,5% көрсетті. ЖОО оқытушыларымен жеке байланыстар және консультациялар керектігін 31,4% атап өтті. Қалған 3,1%-ы инновацияларды ғылыми және әдеби жарияланымдардан табатындығын көрсетті.

**«Түркістан облысының білім басқармасының
«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Мектепте инновациялық процестерді іске асу үшін мектептің материалдық базасының толықтай мүмкіндігі бар, алайда сол мүмкіндіктерді пайдалану үшін мұғалімдердің инновацияға деген көзқарасы өзгеру керек. Материалдық база, ЖОО жасалған меморандум және т.б. мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып жаңа инновациялық идеяларға қол жеткізуге болатындығын айқындайды.

Ұйымдағы өзгерістер оның қызметкерлерінің біліміне, дағдылары мен қабілеттеріне байланысты болып келеді. Ұйым жаңа нәрсені үйреніп қана қоймай, сонымен қатар одан әрі өзгерістерге дайындалу үшін жаңа қадамдар жасау қабілетін арттырып, инновациялық процесті жүзеге асыру үшін қызметкерлердің алдына міндеттерді қою жұмыстары қойылып отыр. Осы орайда мектепте инновациялық процесті қамтамасыз ету шаралар кешені ретінде бірқатар инновациялық бағдарламалар ендіру керектігі айқындалды.

3. АҒЫМДҒЫ МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ, SWOT-АНАЛИЗ

Кадрлық ресурстар			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Педагогикалық кадрлар біліктілігінің жоғары деңгейі Жаңартылған форматтағы біліктілік санаттардың өсуі	Біліктілігін арттыруға уәждеменің болмауы жеке санаттағы педагог?	Олардың біліктілігін арттыруға уәждемесін арттыру үшін педагогтарды көтермелеу жүйесін құру	Пән мұғалімдеріне деген қажеттіліктің өсуі орыс тілі, математика, мұғалімдерінің жетіспеуі
Материалдық-техникалық ресурстар			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Интернет желісіне қосылған қазіргі заманғы оқу кабинеттерінің, компьютерлік сыныптардың, спортпен айналысу үшін жағдайлардың, тамақтанумен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етудің болуы	Дарынды оқушылардың қажеттілігіне бейімделген кедергісіз білім беру ортасының болмауы	Компьютерлік сыныпты жаңарту Ақпараттық білімді алу үшін интернетті пайдалану мүмкіндіктері	Дарынды оқушылардың қажеттіліктеріне қарай кедергісіз білім беру ортасын құру үшін жеткіліксіз қаржыландыру
Ақпараттық ресурстар			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Интернет желісіне қосылудың болуы. Оқыту сапасына мониторинг жүргізу, электрондық журнал және күнделіктер. Мектептің бірыңғай ақпараттық кеңістігі	Пән олимпиадасына дайындық жасау электрондық білім ресурстары Басқарушы қызметі автоматтандыруды ұйымдастыру	Мектеп педагогтарының педагогикалық интернет-бірлестіктерге қатысуы	Ата-аналар мен оқушылардың мектеп интернет-ресурстарын тұрақты пайдаланбауы

**«Түркістан облысының білім басқармасының
«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

арқылы отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі			
БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Жұмыс істеуі – әдістемелік кеңес, проблемалық шығармашылық топтар, - сертификатталған мұғалімдердің желілік қоғамдастығы Педагогтардың ішкі корпоративтік біліктілігін арттыру (коучинг). Әдістемелік-дидактикалық құралдарды әзірлеу	Облыстық және республикалық деңгейде мұғалімдердің озық тәжірибесін ұсынбау Жалпы білім беретін пәндер олимпиадаларының байқауларына дайындайтын әдістемелік-дидактикалық құралдардың жоқтығы	Педагогтарды облыстық және республикалық деңгейде озық тәжірибесін ұсыну. Онлайн-оқытуды ұйымдастырудың тиімділігі ретінде ЦБР әзірлеу	Жалпы білім беретін мектеп жағдайында білім беруді іске асыру кезінде мұғалім тьютор-көмекшісін даярлаудың болмауы
БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУ			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Мектепте білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша іс-шаралар жоспарының болуы және іске асырылуы. Lesson Study зерттеуін жүргізу. Оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелілігінің мониторингі	Оқыту жүйесінің өзгеруіне қатысты кейбір педагогтардың консервативті тәсілі. Химия, биология, физика, информатика пәндерін ағылшын тілінде сабақ жүргізетін ұстаздардың IELTS сертификатының болмауы	ЖОО әдіскерлерімен өзара іс-қимылды кеңейту	Кейбір оқушылар мен олардың ата-аналарының білім берудің жаңартылған мазмұнын қабылдауға дайын болмауы
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ШАРТТАРЫ, БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Оқыту сапасының оң динамикасы. Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың, ҰБТ-ның оң нәтижелері. Конкурстарда жүлдегерлер	Жеткіліксіз іске асыру: - оқудағы үлгерімсіздікті жеңу мақсатында оқушылармен жеке	Білім беру нәтижелеріне педагогтардың, ата-аналардың қызығушылығы. Оқушылардың жеке	Интернетті аралық аттестаттауда және бақылау жұмыстарында білім көзі ретінде пайдалану

**«Түркістан облысының білім басқармасының
«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

мен жеңімпаздардың санын арттыру	жұмыс; -барлық оқушылардың зерттеу және жобалау қызметі; - мектеп оқушыларының республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадаларға қатысуы	білім беру бағыттарын жүзеге асыру	
----------------------------------	---	------------------------------------	--

**ЖАЛПЫ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ИДЕАЛДАРҒА
БАҒДАРЛАНҒАН БЕЛСЕНДІ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫ БАР ТҮЛҒАНЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ІСКЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ**

Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеяларға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыра білетін тұлға ретінде қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті, заманауи тұлға болып қалыптасады. Нақты азаматтық ұстаным бар, өзінің көзқарасын дәлелдей алатын көшбасшылық қабілеті қалыптасқан, өзін қандайда бір салада дамытып, елеулі жетістіктерге өз жауапкершілігі мен еңбекқорлығының арқасында жете алады.	Өскелең ұрпақты жалпыадамзаттық ұлттық идеяға сай жеке тұлға ретінде қалыптастыру барысында тәрбиелік жұмыстар негізгі білім бағдарламасынан тысқары қалып қояды. Сынып сағаттары аптасына бір рет ғана болғандықтан, бүкіл тәрбиелік процесс қамтылмайды.	Тәрбиелік іс-шараларға байланысты шұғыл ақпараттарды және шаралар нәтижесін әлеуметтік желілер арқылы оқушылар мен ата-аналарға уақытылы хабарлауға ыңғайлы	Жалпыадамзаттық құндылықтары жоғары тұлға басқалары жайлы жаман ойламау себептерінен басқалардың қателерін көрмеуі, өзгелерге сенгіш, өздері алданып қалуы мүмкін. (әр түрлі діни ағымдардағы топтарға: экстремизм, терроризм, ланкестік ұйымдар т.с.с.)

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ІСКЕ
АСЫРУ ШАРТТАРЫ**

Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Қазіргі таңда салауатты өмір салтын сақтауға байланысты ақпараттық практикалық жұмыстардың қолжетімділігі арқылы тиімді профилактикалық жұмыстар	Жеке тұлғаның денсаулығына және физиологиялық даму ерекшеліктеріне байланысты барлық тәрбиеленушілерді	Гаджеттер арқылы бағдарламаларды орнатып әр түрлі фитнес немесе дұрыс	Ғаламтордағы салауатты өмір салтын сақтауға шақыратын ақпараттардың бәрі шынайы болмауы

**«Түркістан облысының білім басқармасының
«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

жүргізу тиімді. (бейнеролик, мамандармен онлайн/офлайн кездесу, тәжірбие жасау). Мектептегі дене шынықтыру, қосымша салауатты өмір салтын дәріптейтін үйірме секциялардың, сабақ үстіндегі және үзілістегі сергіту сәттері, нейрोगимнастикалары, би флеш-мобтары арқылы үйлестіруге болады. Спорттық сайыстар, отбасылық көңілді старттар, табиғат аясында демалыс саяхаттары мектеп тәрбие жұмысында қарастырылған	бірдей тарту мүмкін емес. Әр түрлі өмір салтын қалыптастырушы сайыстар негізінде оқушылар сабақты көп босатады, білім олқылықтары пайда болады	тамақтану, жаттығу үлгілерін күн тәртібі бойынша енгізіп, сол арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыруды іске асыру қолайлы.	
---	--	---	--

Мектепте ұсынылған өзгерістердің күтілетін салдарын болжау, өзгерістер тәсілдері мен нысандарын ұсыну

Бағдарламаны жүзеге асыруда күтілетін нәтиже:

- Білікті, бәсекеге қабілетті педагог қалыптасады;
- Білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған оқушы тәрбиеленеді;
